

Облыстық балалар ман жасөспірімдер туризмі орталығы
«Сыбайлас жемқорлықтың алдын алу мақсатында құқық қорғау органдары
қызметкерлерінің педагогтармен кездесулерін үйымдастыру» тақырыбында
өткізілген жиналыстың

ХАТТАМАСЫ №1

Откен күні
Катысқандар

25.04.2023ж.
23

Күн тәртібі:

1. «Сыбайлас жемқорлықтың алдын алу мақсатында құқық қорғау органдары қызметкерлерінің педагогтармен кездесулерін үйымдастыру»;
2. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы ішкі талдау жүргізудің әдістемелік нұсқаулығын бекіту туралы таныстыру.

Тыңдалды:

1. Білім беру саласындағы сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтарының алдын алу бойынша жүзеге асырылып жатқан жұмыстар туралы орталық директорының орынбасары С.Т.Нармухамбетовтың қатысуымен семинар етті.

Семинар барысында Мемлекет басшысы «Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне Мемлекеттік қызмет және сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» КР Заңына қол қойғандығын, оған сәйкес мемлекеттік органдардың, үйымдардың, квазимемлекеттік сектор субъектілерінің басшылары бағынысты қызметкерлердің сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтар жасауының алдын алу жөніндегі лауазымдық міндеттерін орындағаны немесе тиісінше орындағаны үшін тәртіптік жауаптылықта болатындығын түсіндірді.

2. Ақпараттық – талдау бөлімінің жетекшісі А. Тұрақбаева Сыбайлас жемқорлыққа қарсы ішкі талдау жүргізудің әдістемелік нұсқаулығын бекіту туралы таныстыру орталық қызметкерлерімен түсіндіру жұмыстары жүргізілді.

Қызметкерлерге сыбайлас жемқорлыққа қарсы ішкі талдау жүргізудің нәтижесі бойынша жоспар бекітіліп, таныстырылды.


Қазіргі танда орталықта сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау қолға алынды. Ал бүгінгі кездесу сол талдаулардың сапалы өтуін қамтамасыз ету мақсатында өткізілуде. Түсіндірме жұмысы барысында қатысушыларға сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау жүргізу бойынша практикалық ұсынымдар беріліп, барлық салаларда кездесетін сыбайлас жемқорлық тәуекелдері түсіндірліді.

Талдау анықтамасын жасау кезінде жіберілетін кемшіліктер айтылып, оларды болдырмау жолдары мен жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау жүргізу барысында қоғам белсенділерін тарту қарастырылды.

Сонымен қатар, мекемедегі жемқорлықтың алдын алудағы комплаенс-кызметтерінің маңыздылығы түсіндіріліп, бұл бағыттағы жұмыстарды жандандыру ұсынылды.


Семинарға қатысушылар өздерін толғандырган сұрақтарын қойып, нақты жауаптар алып, өткен шарага қатысты өз ойларын білдірді.

Төраға:



С. Нармұхамбетов

Хатшы:



A. Тұрақбаева